

**Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 мамырдағы № 40-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 мамырда № 5684 болып тіркелді. Күші жойылды – Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 17-17 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 28.04.2022 № 17-17 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есе жоғарлатылсын.
2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есе жоғарлатылсын.
3. Аудандық мәслихат аппаратының бас маманы (А.Орашева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
5. Осы шешімнің 2-тармағының қолдану мерзімін 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін деп белгіленсін.